

2025–2026 оқу жылындағы

Қаржылық жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы

ЕСЕП

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Қаржылық жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «Ақбота» бөбекжайы» КМҚК 2025–2026 оқу жылында жемқорлық көріністерін болдырмау және алдын алу бойынша жүйелі жұмыс ұйымдастырылды және өткізілді.

1. Ұйымдастырушылық-құқықтық іс-шаралар

2025 жылғы қыркүйек айында мекеме қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы қаржылық жемқорлыққа қарсы заңнамасымен таныстырылды.

Антикоррупциялық қызметті ұйымдастыруға жауапты тұлға (комплаенс) тағайындалғаны туралы бұйрық шығарылды. Қызметкерлермен таныстыру іс-шарасы қолхатпен расталды.

2. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы

Мекемеде әлеуметтік желілерде антикоррупциялық ақпаратты тұрақты түрде орналастыру жұмысы жүргізілді. Ақпарат уақтылы жаңартылып, қызметкерлермен ата-аналарға қолжетімді болды. 2025 жылғы қазан айында антикоррупциялық бағыттағы бейнероликтер көрсетіліп, олардың мазмұны талқыланды. Бұл қызметкерлердің жемқорлыққа төзбеушілігін қалыптастыруға бағытталған.

3. Тәрбиешілер мен ата-аналармен жұмыс

2025 жылғы қараша айында ата-аналар жиналыстары өткізілді. Онда ата-аналарға ақшалай қаражат жинаудың заңсыздығы түсіндірілді, сондай-ақ Қамқоршылық кеңестің қызметіне ерікті түрде қатысу тәртібі баяндалды. Білім беру ортасында туындайтын жемқорлық тәуекелдер туралы түсіндірілді.

4. Қызметкерлермен жұмыс

Оқу жылы барысында бөбекжай қызметкерлері қажет болған жағдайда жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық актілермен таныстырылды. 2025 жылғы желтоқсан айында қызметкерлер арасында мүдделер қақтығысын анықтау және алдын алу бойынша интерактивті тренинг өткізілді. Тренинг барысында практикалық жағдайлар қаралып, мүмкін болатын жемқорлық тәуекелдер мен оларды болдырмау жолдары талқыланды.

5. Мекеменің ашықтығы мен ішкі бақылау

Мекемеде кадрлық мәселелерді шешуде ашықтық қамтамасыз етілді. 2026 ғы қаңтар айында тәрбиеленушілердің тамақтануын бақылау жүргізілді. Бақылауға бракераж комиссиясы қатысты. Жемқорлық сипатындағы бұзушылықтар анықталған жоқ.